ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 19 тамыз №7119-24-00-2/8029 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Д. Смаилов
сот отырысының хатшысы Б.Д. Пірманов отырып
ашық сот отырысында талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«SAGAT» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағат
«Береке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ЖАУАПКЕРДІҢ ҚАРСЫ ТАЛАПТАРЫ:

1. шарттың бұзылуын заңсыз деп тану
2. шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндіріп алу
3. тауарды қабылдауға міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Р.Т. Байзульдинова
талап қоюшының өкілі А.Е. Даутов
жауапкер «SAGAT» жеке кәсіпкердің (бұдан әрі - ЖК) Қ.С.Сағат
жауапкер «Береке» ЖК өкілі О.Шағанбекұлы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 29 сәуірде талап қоюшы (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жауапкер «SAGAT» ЖК (бұдан әрі – өнім беруші-1) арасында №24/352 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі –

шарт-1) жасалды. Шарт-1 қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт-1 талаптары бойынша өнім беруші-1 тапсырыс берушіге жалпы сомасы 3 280 087 теңге болатын «кеңсе қаламы, қағаз, қыстырғыш, конверт, папка, пышақ, қапсырма, тіркелім, степлер, қайшы, жүз, органайзер, желім, штрих-корректор, тескіш, маркер, тезтікпе, антистеплер, штрих-лента, калькулятор» тауарын, мемлекеттік сатып алу шарт жасалған сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуі тиіс. Сондықтан, орындау мерзімі 2024 жылдың 19 мамырына дейін.

«SAGAT» ЖК 2 504 900 теңгеге тауарды ішінара жеткізген.

Алайда, жауапкер «SAGAT» ЖК 775 187 теңгеге тауарды жеткізбеген.

2024 жылғы 3 мамырда талап қоюшы (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жауапкер «Береке» ЖК (бұдан әрі – өнім беруші-2) арасында №24/379 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт-2) жасалды. Шарт-2 қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт-1 талаптары бойынша өнім беруші-2 тапсырыс берушіге жалпы сомасы 3 542 000 теңге болатын «шаңсорғыш» тауарын, мемлекеттік сатып алу шарт жасалған сәттен бастап 2024 жылғы 20 мамырға дейін жеткізуі тиіс.

Шартқа техникалық ерекшелікке (№3 қосымша) сәйкес өнім беруші-2 шаңсорғышты Karcher T 12/1 Professional жеткізуге міндеттенеді. Түсі: сұр. Тазалау түрі: құрғақ. Қуат түрі: 220В желі. Шаңсорғыш түрі: дәстүрлі шаңсорғыш. Шу деңгейі, дБ: 62.0000. Шаң контейнерінің түрі: контейнер. Сору құбыры: композициялық. Функциялар мен мүмкіндіктер: Аяқ қосқышы. Қуат сымының ұзындығы, м: 12.0000. Сору қуаты, Вт: 240.0000. Қосымша мүмкіндіктер: T 12/1 шаңсорғышының шу деңгейі өте төмен және қонақ үйлер немесе ауруханалар сияқты тыныштықты қажет ететін жерлерде тазалауға өте ыңғайлы. Аяқ қосқышы және ыңғайлы тасымалдау тұтқасы жұмысты айтарлықтай жеңілдетеді. Бекіткіш қосылым жүйесі. ESB 28 электр щеткасына арналған розетка. Ыңғайлы аяқ қосқышы. Құрал-жабдықтар: шынтағы бар сорғыш шланг, 2,5 м, металл ұзартқыш түтіктер 2 х 0,5, тоқыма емес материалдан жасалған сүзгі қап (1 дана). Ауыстырылатын еден саптамасы, 285 мм. Шаң контейнерінің көлемі, литрмен: 12.0000. Тұтынылатын қуат, Вт: 800.0000. Шығарылған елі: Германия.

Негізгі талап қою:

Талап қоюшы сотқа өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы, жауапкерлердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсете отырып, талап қоюмен жүгінді.

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025

Пікірде жауапкер тапсырыс берушіге 2024 жылғы 28 маусымда тауар толық жеткізілді, жауапты маманмен тексеріліп қабылданды. Аталған жағдай осы күнгі жазылған жүкқұжатпен және 2024 жылғы 9 шілдедегі өкіл Чингиз Шоханұлының электронды цифрлы қолтаңбасымен расталады. 2024 жылғы 23 шілдесіне талап қоюшы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберген.

Қарсы талап қою:

«Береке» ЖК сотқа шарттың бұзылуын заңсыз деп тануды, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндіруді, тауарды қабылдауға міндеттеуді сұрайды. Талап қоюшы шартты заңсыз бұзған. Тауардың сәйкестік сертификатына сәйкес «Karcher» брендінің өнімдері әлемнің 5 елінде шығарылады және әрбір өнімде шығарылған мен Германия Федеративті Республикасы қатар көрсетіледі. Жауапкер жеткізген «Karcher t12/1» маркалы шаңсорғыштары Румыния Республикасында шығарылады. Осы себепті талап қоюшыдың «Karcher t12/1» маркалы шаңсорғыштары Германия Федеративті Республикасында шығарылған болуы тиіс деген айыптаулары негізсіз деп көрсетті.

Талап қоюшының өкілі А.Е. Даутов талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Қарсы талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Ол шаңсорғыштардың қуаты мен шыққан елі техникалық шарттарға сәйкес келмейтінін түсіндірді. Тегтерге сәйкес кодтар анықталмаған. Тауардың түпнұсқалығы расталмаған, декларациялар немесе сертификаттар жоқ.

Жауапкер «SAGAT» ЖК атынан әрекет етуші Қ.С.Сағат талап қоюмен келісті.

Жауапкер «Береке» ЖК-нің өкілі О.Шағанбекұлы мәлімделген талаппен келіспеді, жазбаша пікірде баяндалған негіздер бойынша талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Қарсы талаптарды қолдап, талап арызды қанағаттандыруды сұрады. Ол тауардың жеткізілгенін, бірақ талап қоюшының оны қабылдамағанын түсіндірді. Шаңсорғыш Румынияда шығарылды, ол туралы ресми өндірушіден жауап алынды.

Прокурор Байзулдинова Р.Т талап арыз қанағаттандырылуға жатады, ал қарсы талап бас тартуға жататындығы туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Негізгі талап қоюы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 277 - бабы 1-тармағының 272, 273-баптарының талаптарына байланысты міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025
7119-24-3-1/7530

өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 359-бабының 1-тармағында, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: 3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025
7119-24-3-1/7530

мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген.

Сот анықтағандай, 1-шарт бойынша өнім беруші-1 тауарды 2 504 900 теңгеге ішінара жеткізген, бұл 2024 жылғы 31 мамырдағы N240365/00/1, N240365/00/2 және 2024 жылғы 14 маусымдағы №240365/00/3 қабылдау актілерімен расталған. 775 187 теңгенің тауарын жеткізген жоқ.

Осылайша, «САҒАТ» ЖК 1-шартта белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін толық көлемде орындамаған, сондай-ақ істі қарау кезінде жауапкер АПК-тің 72, 73-баптарына сәйкес теріс дәлелдемелерді ұсынбады. Бұл ретте сот, шарттың біржақты тәртіппен бұзылып, шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылғанын ескереді. Осымен бірге, жауапкер «САҒАТ» ЖК талап арызды мойындады.

2-жеткізуші шарт бойынша жеткізген тауарлары техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді және талап қоюшымен қабылданбаған.

Сот қаралып жатқан даудың шеңберінде іске қатысу үшін «ПК» ЖШС-нің (ПРОГРЕСС КОНСАЛТИНГ) маманын шақырды.

Сарапшының 2024 жылғы 15 тамыздағы №С.80-08-24 қорытындысынан 23 дана көлемінде «Береке» ЖК берген Karcher T 12/1 Professional шаңсорғышы белгіленген талаптарға сай келмейтіні анықталды. 2-келісімшарт бойынша сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамасы келесі параметрлер бойынша: шығарылған елі Германия - шын мәнінде қаптамада және өнімде Румыния елі көрсетілген; қуат тұтыну, Вт: 800.0000 – іс жүзінде Вт: 700.0000. Сондай-ақ, сәйкестікті анықтау мүмкін болмаған келесі параметрлер анықталды: сору қуаты, Вт: 240,0000; шу деңгейі, дБ: 62.0000.

Осылайша, сот 2-шартты орындау шеңберінде жауапкер «Береке» ЖК-нің техникалық шарттар талаптарына сәйкес келмейтін тауарды жеткізгенін анықтады. Алайда, жауапкер «Береке» ЖК тауарды ауыстыру шараларын қабылдамаған, осы туралы АПК-нің 72,73-баптарына сәйкес сотқа дәлелдеме ұсынбады. Бұл ретте 2-шарт біржақты тәртіппен бұзылып, ол бойынша міндеттемелер тоқтатылған.

Нормативтік қаулыда көрсетілген сөздер мен сөз тіркестерінің тура мазмұнын негізге ала отырып, бұл жағдайда сот азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде жауапкерлердің кінәсін, сондай-ақ шарттарда белгіленген мерзімде тауарларды алуға тапсырыс беруші үшін оның орындалмауында көрсетілген теріс салдарларын ескереді.

Мұндай жағдайда сот талап қоюшының жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талаптары заңды және негізді және қанағаттандырылуы тиіс деген қорытындыға келеді.

Қарсы талап қоюы бойынша

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025

АК-нің 401-бабының 1 және 2 тармағында, егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

АК-нің 403 бабы 3 және 4 тармағының сәйкес шарт бұзылған немесе өзгертілген ретте, егер тараптардың келісуімен немесе шарттың өзгеру сипатынан өзгеше туындамайтын болса, міндеттемелер шартты өзгерту немесе бұзу туралы тараптар келісімге келген кезден бастап, ал шарт сот тәртібімен бұзылған немесе өзгертілген жағдайда - шартты бұзу немесе өзгерту туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылған немесе өзгертілген болып есептеледі. Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, тараптардың шартты бұзған немесе өзгерткен кезге дейін міндеттеме бойынша өздері атқарған жұмысты қайтарып беруді талап етуге құқығы жоқ.

Заңның 43-бабының 9, 10 және 12 тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (болған кезде) енгізуге міндетті. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу кезеңінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда, тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) өнім берушіге қайтарады. Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Заңның 26-бабына сәйкес өнім беруші енгізген сома (болған кезде) өнім берушіге қайтарылмайды.

Сот, жауапкер «Береке» ЖК 2-шартта белгіленген мерзімде міндеттемені орындамағаны анықталды. Осыған байланысты 2-шарт біржақты және заңды түрде тоқтатылды.

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025

7119-24-3-1/7530

Осындай жағдайда жауапкер «Береке» ЖК-нің шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы талаптары негізсіз деп танылады.

Сондай-ақ жауапкер «Береке» ЖК-нің 2-шарт бойынша тауарды қабылдау міндеттемесі және 2-шартың орындалуын қамтамасыз етуді өндіріп алу туралы 106 260 теңге сомасында талап арызы қанағаттандырылуға жатпайды, себебі бұлуәждерге кері айғақт бар. 2-шарт бойынша техникалық ерекшеліктерге сәйкес тауарларды жеткізу сотқа ұсынылмаған, ол да сараптама қорытындысымен белгіленген.

Талап қоюшы сараптамаға төлеуге талап еткен шығыстар сомасы 145 000 теңгені құрайды, ол АПК-нің 109-бабына сәйкес негізді түрде қанағаттандырылған жағдайда 2024 жылғы 16 тамыздағы №8985 төлем тапсырмасымен расталады.

АПК-нің 110-бабына сәйкес сот сарапшысы өндіріп алу үшін мәлімдеген сараптама жүргізуге кеткен шығыстар сомасы қанағаттандырылуға жатады, бұл ретте жауапкер «Береке» ЖК-нен «ПК» ЖШС (ПРОГРЕСС КОНСАЛТИНГ) пайдасына 145 000 теңге өндірілді, өйткені сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін шығындар тараптарға тең үлесте жүктеледі.

Сот шығындарын бөлу кезінде сот АПК-нің 110 және 117-баптарын басшылыққа алды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 баптарын ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«SAGAT» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағат мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SAGAT» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағаттан мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Береке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Береке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаевадан «ПК» (Прогресс Консалтинг)» жауапкершілігі шектеулі

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025
7119-24-3-1/7530

серіктестігінің пайдасына 145 000 (бір жүз қырық бес мың) теңге сараптама жүргізуге кеткен шығындар өндірілсін.

«Береке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаевадан «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 145 000 (бір жүз қырық бес мың) теңге сараптама жүргізуге кеткен шығындар өндірілсін.

«Береке» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаевадан мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Береке» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Уразкуль Бектазаевна Садакбаеваның «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шарттың бұзылуын заңсыз деп тану, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндірпу, тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 26.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Смаилов А. Д., 19.01.2025

7119-24-3-1/7530